

**Қытай Халық Республикасында шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін полимер жабыны бар металл прокатына қатысты демпингке қарсы шаралардың қолданылуын ұзарту және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 186 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі № 106 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 109-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 49 шешімімен белгіленген демпингке қарсы шаралардың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты жүргізілген қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша дайындалған Ішкі нарықты қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 49 шешімімен белгіленген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін Қытай Халық Республикасында шығарылатын полимер жабыны бар металл прокатына қатысты демпингке қарсы шаралардың қолданылуы қоса алғанда 2023 жылғы 22 қаңтарға дейін ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары:

демпингке қарсы баждарды Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 49 шешімінде көзделген мөлшерде өндіріп алуды қамтамасыз етсін;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 186 шешіміне сәйкес алдын ала демпингке қарсы баждарды өндіріп алу үшін белгіленген тәртіпте төленген (өндіріп алған) демпингке қарсы баждардың сомасын демпингке қарсы бажға есепке алуды және ол төленген (өндіріп алған) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына есептеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Қытай Халық Республикасында шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік

аумағына әкелінетін полимер жабыны бар металл прокатына қатысты демпингке қарсы шаралардың қолданылуын ұзарту туралы" 2022 жылғы 29 қарашадағы № 186 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК